

Түркістан облысы денсаулық сақтау басқармасының
«Шардара аудандық орталық ауруханасы» ШЖҚ МКК-ң Сыбайлас
жемқорлық тәуекелдеріне жүргізіліп жатқан ішкі талдау нәтижелерін алдын
ала жария талқылау мақсатында өткізілген жиналыс
хаттамасы №1

Шардара қаласы

27.07.2023 жыл

Басталуы: Сағ: 11:00

Төрағасы: Молдаханов Нургали Сламидинович – жұмысшы топ жетекшісі

Хатшы: М.Сулейменов – жұмысшы топ мүшесі

Қатысқандар: Жұмысшы топ мүшелері, қоғамдық бірлестік өкілдері және
кәсіпорын қызметкерлері.

Күн тәртібінде:

Шардара аудандық орталық ауруханасының сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жүргізіліп жатқан ішкі талдау нәтижелерімен таныстыру, талдамалық анықтаманы талдау.

Тыңдалды: Жұмысшы топ жетекшісі Молдаханов Нургали Сламидинович Шардара аудандық орталық ауруханасында сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жүргізіліп жатқан ішкі талдау нәтижелері бойынша талдамалық анықтаманың мазмұны мен барысы және нәтижелері туралы есепті назарға алуды сұрады.

Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» 2015 жылғы 18 қарашадағы №410-V Заңының 8 бабы 5- тармағына және «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) Төрағасының 2023 жылғы 16 ақпанындағы №21 бұйрығына сәйкес, «Шардара аудандық орталық ауруханасы» ШЖҚ МКК-ң сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу мақсатында жұмыс тобы мен іс-шара жоспары бекітілген.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау бағыты бекітілген үлгілік қағидаға сәйкес қамтылған және іс-шара жоспары бойынша ішкі талдау жүргізу кезеңі 2023 жылдың маусым айының 23 мен тамыз айының 07 күндері аралығында өткізу жоспарланғандығын хабарлаған. Ішкі талдау төмендегі бағыттар бойынша жүзеге асырылды:

1. Бөлімдердің қызметін реттейтін заңнамалардағы сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;
2. Персоналды басқару, мүдделер қақтығысын реттеу, мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша талдау объектісі қызметіндегі сыбайлас қауіптерін анықтау;

Қамтылған бағыттар бойынша анықталған кемшіліктер мен ұсыныстармен таныстырды.

Келесі болып сөз алған Шардара аудандық адалдық алаңы жобалық кеңесінің жетекшісі Қалдарбек Батыр Қалдарбекұлы, сыбайлас жемқорлықпен күресу Қазақстан Республикасында тұратын барлық азаматтардың міндеті болып табылады. Сол себепті сыбайлас жемқорлық көрінісін өзара анықтау, оны жою мақсатында жасалынып жатқан талдамалық анықтаманың бағытына оң баға берілді. Сонымен қатар, Кәсіпорында сыбайлас жемқорлық көріністерін жою және жемқорлыққа жол бермеу үшін Кәсіпорын басшысы ашық әрі жария түріндегі жұмыс жасау қажеттігі жөнінде ескертпе сөздерін айтты.

Келесі болып сөз алған - жұмысшы топ мүшесі Кубелекова Куралай Толеновна, анықталған сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою жөніндегі ұсынымдар тиімді, сыбайлас жемқорлық тәуекелін болдырмауға бағытталғанын, яғни дұрыс екендігін және жемқорлықпен күрес жүргізудің бірден бір шарты – ол таза әрі адал еңбек ету екендігін ерекше атап өтті.


Сонымен қатар, Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заңының бағыт-бағдары мен мақсатын жеткізу және халықтың құқықтық сауаттылығын арттыру туралы түсіндіру барысында, сыбайлас жемқорлыққа лауазымдық, қызмет өкілеттігін теріс пайдалану, биілікті не қызметтік өкілеттікті асыра пайдалану, пара алу, пара беру, паракорлыққа делдал болу, қызметтік жалғандық жасау, көрнеу жалған сөйлеу, сеніп тапсырылған бөтен мүлікті заңсыз иеленіп алу немесе ысырап ету, заңмен қарастырылмаған мүліктік және басқада артықшылықты қабылдау екендігін айтылды. Заң бұзушылықтарға жол бермеу, оның алдын алу Қазақстан Республикасында тұратын барлық азаматтардың міндетті екендігін түсіндірді.

Жиналысқа қатысушылар Кәсіпорында жүргізіліп жатқан ішкі талдау жұмыстарының барысымен, талдамалық анықтамамен жан-жақты танысып, жұмыс тобының жұмысын қанағаттанарлық деген шешімге келді.

Шешім етті:


1. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жүргізіліп жатқан ішкі талдау жұмыстары жүйелі әрі үздіксіз жүргізілсін.
2. Қызметкерлер арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шаралары сапалы түрде жүзеге асырылсын.
3. Ұжымның ішінде Қазақстан Республикасының заңнамаларымен таныстыру жұмыстары жүйелі түрде жүргізілсін.
4. Осы шешімдердің орындалуы Шардара аудандық орталық ауруханасының компаенс-офицері М.Сулейменовке жүктелсін
5. Осы жиналыстың барысы туралы мәлімет Кәсіпорынның сайтына және әлеуметтік желідегі парақшаларына жариялансын.

Жиналыс төрағасы:



Н.Молдаханов

Хатшы:



М.Сулейменов